

ҰЛТТЫҚ ЖОБА: АЛЫС АУЫЛДА ДА ДӘРІГЕР БОЛАДЫ



Ауылдағы ағайын ауыра қалса, орталыққа келіп емделуді ойлайды. Себебі белгілі, ауылда емдеу мекемесі де, дәрігер де жоқтың қасы. Ал ауыл тұрғынының емделу үшін қалаға келуі де оңай емес, уақыт жоғалту, қаржы мәселесі секілді кедергілерді ойлап, өкпесін сүйреп, жүре береді. Ал ауру асқынып, дерт меңдегендегі мәселе тіпті басқа.

Өткен жылдан бері елімізде жүзеге аса бастаған «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының негізгі мақсаты да сол, ауыл халқының денсаулығын жақсарту, ауылдарда да қаладағыдай барлық мүмкіндік болмаса да, аурудың алдын алып, емделуіне қолдан келгенше жағдай жасау. Облыс орталығынан шалғайда орналасқан халықтың денсаулығын жақсарту үшін медициналық санитариялық алғашқы көмек көрсету нысанын салып, дәрігер мамандармен қамтамасыз ету. Халықтың 50 пайызға жуығы елді мекендерде тұратынын ескерсек, миллиондаған тұрғынның мұқтажын шешуді мақсат еткен бұл ұлттық жоба қарапайым ауыл қазағының үміт отын оятқаны рас. Себебі дерт кезінде дәрігер көмегіне жүгіне алмай, орталыққа жетем дегенше кеш болып қалатын өкінішті жағдай да аз емес.

Ұлттық жоба жүзеге асқанын недей жұмыс атқарылды дегенге келсек, осы аптада бұл мәселе Үкімет отырысында талқыланды. Ұлттық жобаның іске асу барысы туралы баяндама жасаған денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова маңызды құжат үш міндетті орындайтынын атап айтты. Ең алдымен ауылдарға 655 медициналық санитариялық алғашқы көмек нысанын салу, 32 аудандық аурухананы жаңғырту, кадрлармен қамтамасыз ету. Мақсат-міндеті айқын игі жоба аясында өткен жылы республика бойынша 99 медициналық-санитариялық алғашқы көмек нысаны салынған. Быыл 556 медициналық және фельдшерлік пункттер, сондай-ақ дәрігерлік амбулаториялар салу көзделген. Бүгінде 322 нысанда құрылыс-монтаж жұмысы басталып, 3 нысанның құрылысы аяқталған.

– 2023-2024 жылдары 152 нысанда 656 медицина қызметкері жұмысқа орналасты. Мемлекетті қолдау шаралары дәрігер мамандығының беделін арттыруға және мамандардың ауылда тұруға деген ынтымақ күшейтуге бағытталған, – делі денсаулық сақтау министрі А.Әлназарова.

Айта кетелік, Ұлттық жобаны іске асыруға 60,3 млрд теңге бөлінген, оның 21 млрд теңгеден астамы өңірлерге берілген. Ендігі міндет ауылдарда салынып жатқан құрылыс жұмыстарының сапалы, дерт кезінде аяқталуы. Үкімет басшысы бұл орайда денсаулық сақтау министріне құрылыс нысанына тұрақты түрде барып, мониторинг жүргізуді тапсырды.

Ұлттық жоба аясында Сыр өңірінде де игі іс атқарылуда. Мәселен, биыл жоба шеңберінде өңірде 9 дәрігерлік амбулатория мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет салынууда. Бұл нысандар 1 қазанға дейін пайдалануға берілімек. Бұл туралы облыс әкімінің мәжілісінде айтылды.

– Құрылыстың жалпы құны – 3 млрд 500 млн теңге. Бұған Үкімет резервінен 2 млрд теңге берілді. Шилелі ауданындағы 30 төсектік инфекциялық бөлімше мен көпбейінді аурухананың құрылыс жұмыстары басталды. Айта кету керек, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде Шилелі ауданындағы 30 төсектік инфекциялық бөлімшені салу ұлттық жобадан тыс, жоспарға қосымша енгізіліп, қазір 1 млрд 300 млн теңге қаржысы бөлінді. Арал ауданында дәл осындай инфекциялық бөлімше жобасы дайын. Ұлттық жоба аясында салынатын Арал аудандық ауруханасының қосымша құрылысы жобасын мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін екеуін біріктіріп қаржыландыруды денсаулық сақтау және қаржы министрліктерімен пысықтау қажет, – делі аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Аймақ басшысы ұлттық жоба аясында салынатын нысандар халыққа ыңғайлы, жайлы болуы керектігін, тазалығын, қасбетіне дейін талапқа сай болуын қатаң қадаулау керектігін тапсырды. Сондай-ақ жаңа дәрігерлік амбулаторияны мамандармен, жаңа санитарлық автокөлікпен қамтамасыз ету назардан тыс қалмауы қажеттігін атап өтті.

Ең бастысы, ауылдағы ағайынның денсаулығын түзеуге қызмет ететін нысандар салынып, дәрігерлер ауылда қызмет етсе, ұлттық жобаның негізгі мақсаты орындалғаны.

Гүлмира ДИДӘБЕКОВА



Ақмешіт

27 шілде
сенбі

№59 (2069)

2024 жыл


Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚҰРМЕТ ТӨРІ: БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Зейнеткерлікке шығу – әрбір азаматтың белсенді еңбек етіп, уақыты келгенде лайықты демалысқа шығуы. Зейнеткерлік жас, зейнетақы төлемдерінің мөлшері және оларды алу шарттары белгілі заңнамамен реттеледі. Соңғы жылдары ел үкіметі зейнетақы жүйесін жетілдіруге, оның ішінде зейнет жасын ұлғайтуға және жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізуге бағытталған бірқатар реформаларды жүзеге асырды. Бұл өзгерістер қоғамда резонанс тудырып, тұрғындар мен сарапшылар белсенді талқылады. Қазақстанның зейнетақы жүйесі қарттардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге ұмтылып, қазіргі уақыттың экономикалық және демографиялық сын-қатерлерін ескере отырып, одан әрі дамып келеді. Зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі әлеуметтік кодексімен жүзеге асады. Зейнетке шығу жасы ерлер үшін 63, ал әйелдер үшін 61 жас құрайды. 2023 жылдан 2028 жылға дейін әйелдердің зейнет жасы өзгермейді және 61 жасты құрайды. Зейнеткерлік жастың ең жоғары деңгейі – 63 жас, ол 2031 жылдан бастап жүзеге аса бастайды.



2023 жылы Қазақстан зейнетақы жүйесі алғаш рет халықаралық рейтинг – «Mercer CFA» институтының жаһандық зейнеткерлік индексіне енгізілді. 2023 жылғы зерттеуде әлем халқының 64%-ын құрайтын 47 зейнетақы жүйесі сәйкестігі, сенімділігі мен интеграциясы бойынша салыстырылды. «Mercer» жаһандық зейнетақы индексі 50 түрлі алғышартты қамтитын, «лайықтылық», «сұрақтылық», «тұтастық» сияқты үш суб-индекске біріккен елдердің зейнетақы жүйесін талдайды. 2023 жылғы рейтингте Қазақстан 64,9 балл жинап, «С+» бағасын алды. Талдау нәтижелері бойынша Қазақстанның зейнетақы жүйесі осы рейтингте 20-шы орынға не болды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ НЕДЕН ҚУРАЛАДЫ?

«БЖЗК» АҚ-ның зейнетақы жинақтарын инвестициялау туралы зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебіне сәйкес 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша зейнетақы

активтерінің жалпы көлемі 18 983,1 млрд теңгені құрады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамсыздандыру бойынша қалалық бөлім басшының орынбасары Нұрлыбек Омаров зейнетақының мөлшері үш деңгейлі зейнетақы жүйесі арқылы қолданылатынын айтты.

– Жасына байланысты зейнетақы болады. Есептеу жолы 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі және 3 жылдық айлық табысымен есептеледі. Екіншісі, базалық зейнетақы – ҚР барлық азаматтарына зейнет жасқа жеткен кезде есептеледі. Базалық зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты. Бұл зейнетақы барлық зейнет жасына толған азаматтарға 1998 жылға дейін еңбек өтілі болмаса да, міндетті түрде төленеді. 1998 жылға дейінгі еңбек өтілімен және 1998 жылдан кейінгі еңбек өтілімен түскен зейнетақы жарнасын есептейді. Үшінші

– бірыңғай зейнетақы қорында жиналған жарналары бойынша төленетін зейнетақы. Жинақтаушы зейнетақы – азаматтардың жеке зейнетақы жинақтарынан төленеді және олар жинаған қаражат көлеміне байланысты болады. Жинақ неғұрлым көп болса, зейнетақы соғұрлым көп болады.

Атап айтқанда, 2024 жылы базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 28 215 теңгені, ең жоғары мөлшері – 45 578 теңгені құрайды. 2024 жылы ең төменгі ынтымақты зейнетақы 57 853 теңгені құрайды.

ЗЕЙНЕТКЕ КІМДЕР ЕРТЕ ШЫҒА АЛАДЫ?

Бөлім басшысы орынбасарының айтуынша, бәсе және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 53 жасында зейнетке шыға алады.

– Ол кісілерге тек 1998 жылға дейін жұмыс өтілі есептеле отырып, зейнетақы төленеді. Зейнет жасына жеткенде базалық

және жинақтаушы зейнетақыға өтініш береді. Мерзімінен бұрын зейнетке шығуға БЖЗК-да жинақталған сомасына байланысты емес, тек жұмыс істеген әйелдердің 3 жылдық айлық табысы есептеледі, – дейді Нұрлыбек Омаров.

Сонымен қатар зейнетақы аннуитетін рәсімдеген БЖЗК салымшылары зейнет жасына 8 жыл қалғанда мерзімінен бұрын зейнетке шыға алады. Ол үшін қызметті ұсынатын сақтандыру компаниясымен шарт жасасауға құқылы. Осыдан кейін зейнетақы қоры компанияға осы салымшының жинақтарының бір бөлігін аударды және ол салымшыға зейнетақы сақтандыру төлемін өмір бойы төлейді. Сақтандыру компаниясымен шарт жасасу және сақтандыру төлемдерін мерзімінен бұрын алу үшін салымшының жинақтары мен жасына байланысты өзгеретін жеткілікті ақша жинау қажет.

2-БЕТТЕ

СЕРІК ЫДЫРЫСОВ,
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҰЗДІГІ:

ДАРЫНЫМДЫ ДАЛА АКАДЕМИЯСЫНДА ШЫҢДАҒАН АДАММЫН

3-БЕТТЕ



СУ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

25 шілде – Дүниежүзілік суға батудың алдын алу күні. БҰҰ ақпаратына сүйенсек, жыл сайын әлемде 236 600 адам суға батып, қайғылы жағдайға ұшырайды. Суға бату салдарынан өлім-жітімнің 90%-дан астамы өзендерде, көлдерде, құдықтарда және тұрмыстық су қоймаларында, бассейндерде болады. Бұл күні түрлі ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар суға кетудің алдын алу туралы ақпарат таратып, судағы қауіпсіздікті насихаттау үшін бас қосады.

Дүниежүзілік суға батудың алдын алу күнінің бастамаларына жүзу дағдыларын үйрету, су қауіпсіздігі туралы ақпарат беру, құтқару туралы ақпаратты тарату кіреді. Бұл күні сонымен қатар суда құтқару құралдарының қолжетімділігі мен қауіпсіз су нысандарын салудың маңызы атап өтіледі.

2-БЕТТЕ

ОЛИМПИАДА ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ: ПАРИЖДЕ ДАҢҚЫМЫЗ АСА МА?



Әлем көз тіккен Олимпиада алауы Париж төрінде тұтанды. Алпауыттар арасындағы бәсекеде елімізден 90-нан аса спортшы бәсекеге шығады. Ел намысын қорғайтын ерлеріміздің енесі түспей, ұлттың рухын асқататынына сенім артқан қалың ел бар. Айтпақшы, «бұл ән бұрынғы әнінен өзгере» дегендей, биылғы доғаға халықтың қызығушылығы ерекше. Осыдан бірер күн бұрынғы мәліметтің өзінде 9 миллионға жақын билет сатылып, рекорд жаңартыпты. Ал бұған дейінгі рекорд – Атланта Олимпиадасында, 8,3 млн билет сатылған.

4-БЕТТЕ



Басы 1-бетте

ҚҰРМЕТ ТӨРІ:

Бейнеттің зейнетін көретін кез келді



Зейнетақы аннуитеті деген не?

Зейнетақы аннуитеті – зейнетақы жинағын ертерек алудың бір жолы.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жарияланған мәліметтерге сүйенсек, зейнетақы аннуитетінің басты артықшылығы зейнет жасқа жеткенге дейін зейнетақы алу мүмкіндігі. Ерлер үшін 55 жас, ал әйелдер үшін 53 жас (2028 жылдан бастап – 53,5 жас) мерзімінен бұрын зейнетақы ала алады. Зиянды өндірісте кемінде 5 жыл жұмыс істеген адамдар зейнетақы аннуитеті шартын да жасай алады. 2023 жылы зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін жеткілікті сома 55 жастағы ер адам үшін 8 млн теңгені, ал 53 жастағы әйел адам үшін 10,5 млн теңгені құрады. Бұл қаражаттар тұрғын үй және емделуге жұмсалыуы мүмкін. «Egov» сайтында жарияланған ақпарат бойынша төлемдерді алуға «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» қызметіне электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады.

Архивтік анықтама алу тәртібі

Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің I санаттағы архивісі Фариза Муратпаеваның айтуынша Қызылорда облыстық мемлекеттік архивіне жыл басынан бері 1816 өтініш келіп түсіп, орындаулады.

– Егер бұрын жұмыс істеген орынды анықтау қажет болса, ал кәсіпорын жойылып кетсе, облыстық немесе қалалық архив бөліміне жүгіну қажет. Кәсіпорындар мен мекемелер жабылатын кезде барлық құжаттарын сонда тапсырады. Егер кәсіпорын немесе мекеме өз құжаттарын өткізбеген жағдайда «қанағаттандырусыз» деген жауап жібереміз. Еңбек кітапшасы бар, бірақ онда жұмыс істеген жерлердің бәрі көрсетілмесе немесе

еңбек кітапшасы жоғалса, жеке тұлға өзінің жұмыс істеген жылдарын жобамен көрсетіп, дәлелденген жағдайда анықтама береміз. Сонымен қатар жеке тұлғаның еңбек кітапшасында мөрі немесе тиісті жазбаларда нақтылық болмаған жағдайда, сия күйіліп кеткен немесе уақыты дұрыс көрсетілмеген болса, біз мекеменің құжаттарын қарап, тиісті архивтік анықтама береміз, – дейді ол.

Зейнетақы рәсімдеуге қандай құжаттар қажет?

Зейнетақы тағайындау үшін жұмыс өтілін және зейнетақы төлемдерін алу құқығын растайтын бірқатар құжаттарды әзірлеу қажет. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының әлеуметтік қамсыздандыру бөлім басшысының орынбасары Нұрлыбек Омаровтың айтуынша ер кісілер үшін еңбек кітапшасы, әскери билет (әскерде болса), орта арнаулы немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом (техникум, университет), жеке басын куәландыратын құжат, 3x4 фото 1 дана, банктік шот нөмірі қажет. Әйелдер үшін еңбек кітапшасы, балалардың туу туралы куәліктері, орта арнаулы немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом (техникум, университет), неке туралы куәлік (егер тегі әр түрлі болса әйелі мен балаларының құжаттары қоса беріледі), жеке басын куәландыратын құжат, 3x4 фото 1 дана, банктік шот нөмірі қажет.

– Зейнет жасына толуына 1-2 ай қалғанда облыс орталығындағы орналасқан әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне келіп аталған құжаттарды тексертіп, туған күніне 10 күнтізбелік күн қалғанда «Халыққа қызмет көрсету орталығына» аталған құжаттарды тапсырады, – дейді бөлім басшының орынбасары.

Зейнетке шығу – әрбір азаматтың өміріндегі мұқият жоспарлауды және ерекше назар аударуды талап ететін маңызды кезең. Зейнетақы жүйесі егде жастағы азаматтардың әл-ауқатына ықпал ететін және олардың қаржылық тәуелсіздігі мен лайықты өмір сүру сапасын қамтамасыз ететін тұрақты және тиімді органы құруға бағытталған.

София Хайруллақызы



ӨЗ ҮЙІҢ БОЛҒАҢҒА НЕ ЖЕТСІН?!

Сол жағалауда бой көтерген 10 көпқабатты тұрғын үй өз иесін тапты. Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова облыс орталығында 150 отбасына пәтер кілтін табыстады.

Салтанатты шарада сөз алған вице-премьер пәтер кілтін алғандарды құттықтап, азаматтарға жайлы жағдай жасау мәселесі Мемлекет басшысының тұрақты назарында екенін жеткізді.

– Халықтың әл-ауқатын арттыру, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау – мемлекетіміздің ең басты стратегиялық міндеті. Елімізде тұрғын үй мәселесін шешудің сатып алу, банктердің ипотека бағдарламалары, мемлекеттік бағдарлама бойынша баспана алу секілді әр түрлі жолдары қалыптасты. Жыл басынан бері 7,5 миллионға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін көрсеткішті 18 миллионға жеткізу көзделген. Бұл – мыңдаған отбасының баспана мәселесін шешуге мүмкіндік береді, – деді Тамара Дүйсенова.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев баспаналы болған азаматтарға игі тілегін білдіріп, елдің қуанышына ортақтасты.

– Құрылыс барысы әкімдіктің жіті бақылауында болды. Мердігерлер жұмысты сапалы атқарды. Ең бастысы, баспанаға мұқтаж жандардың бірқатары пәтерлі болды. Аймақ әкімдігі бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай да жалғастыра береді, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Пәтер алғандардың бірі Гүлсезім Убайдыло жолдасымен бірге жетімдер санатында кезекте тұрған. Бұған дейін жалдамалы пәтерлерде тұрып келген ол отбасымен бірге 2 бөлмелі пәтерге қол жеткізді. Отбасында тай-құлындай төбесінен екі құлынақтың қуанышында шек жоқ.

– Өз баспана болғанға не жетсін?! Бүгінге дейін туыстардың үйінде де тұрдық, пәтер де жалдадық. Енді міне, өзіміздің баспанамыз бар. Өте қуаныштымыз. Қолдау білдірген азаматтарға алғыс айтамын, – деді ол.

Айта кетейік, баспана құрылысына республикалық бюджеттен 8,5 млрд теңге бөлінген. Бұл қаржыға 5 қабатты тұрғын үйлер салынды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

СУ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпараттық бюллетень мәліметіне сәйкес, суға кетудің алдын алуының көптеген жолдары бар. Су айдындарын қауіпсіз ету үшін шаралар қабылдау, бассейндерді қоршау және балаларды қараусыз суда шомылуына шектеу қою арқылы қайғылы жағдайларды айтарлықтай азайтуға болады.

Жақында Төтенше жағдайлар министрлігі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында бір апталық «Балаларды суда қорғандық» республикалық акциясын бастады. Шомылу маусымы басталғаннан бері еліміздің су айдындарында қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Төтенше жағдайлар министрлігі ақпараты бойынша құтқарушылар 160 адамды, оның ішінде 44 баланы құтқарған. Жыл басынан бері 55 070 рейд және патрульдеу жүргізілген. 11 887 адам жалпы 87 551 448 теңге құрайтын әкімшілік жауапкершілікке тартылды. ӘҚБТК-нің 412-бабы бойынша «Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамау» бойынша ТЖМ қызметкерлеріне 767 азаматқа 19 млн 822 мың теңге айыппұл салынды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 8 есе артық дейді ресми ақпаратта.

Жүзу дағдыларын үйрену маңызды

Балаларға құтқару кеудешелерін және басқа да қауіпсіздік құралдарын пайдалануды үйрету маңызды. Жүзуді үйретуден бастап, суға бату қаупі және оның алдын алу шаралары туралы ақпаратты кенінен жүргізу өте маңызды.

Қазақстан Республикасы Су спорты федерациясының вице-президенті Қанат Сахария «Fogbes.kz» сайтында жарияланған сұхбатында суда жүзуді мектеп бағдарламасына енгізуді ұсынды.



Оның айтуынша, қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін жүзуді барлық балаларға қолжетімді етуді, мектеп бағдарламасына жеке пән ретінде енгізуді ұсынып отыр. Төтенше жағдайлар министрлігінің ақпаратына сүйенсек, жыл сайын көптеген қолжарып және оқитү жүргізіледі екен. Мәселен, 32 мыңнан астам балаға жүзу дағдыларына үйретті, 4 мыңға жуық қоғамдық құтқарушы дайындалды.

ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Жандос Жүгінісов БАҚ өкілдеріне берген брифингте аймақта 8 лагерьге арнайы барып, департамент қызметкерлері 2893 жасөспірімге жүзуді үйреткенін атап өтті.

– Суға түсу маусымы басталған кезде лагерлерге қызметкерлеріміз барып, жүзуді, қауіпсіздік ережелерін үйретеді. Сондай-ақ облыс әкімінің қаулысына сәйкес, облыс аумағында 4 коммуналдық жағажай ашылған, одан бөлек бір жеке жағажай бар. Жалпы облыс бойынша 18 стационарлық және 6 модульді бассейн орнатылған. Қосымша кәсіпкерлік тарапынан жазғы демалыс орындарында 11 стационарлық бассейн бар, – дейді азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы.

Аймақтағы су қауіпсіздігі

Облыстағы су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде жыл сайын азаматтардың әр түрлі себептен қайғылы жағдайға ұшырауы, суға түсу маусымында балалардың суға қауіпсіздігі өзекті мәселе болып отыр. Суға адамдардың қаза болуының басты себебі – қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзу және су көліктеріндегі қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтамауы.

– Су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз

ету мақсатында төтенше жағдайлар департаменті облыс аумағында адамдар көп шоғырланатын ойын-сауық орталықтарында, сауда орындары, теміржол, автовокзал секілді орындарда суға қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, ұнарақ таратуда, – дейді Жандос Жүгінісов.

Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының айтуынша, облыс аумағында суға шомылуға тыйым салынған 63 қауіпті аймақ бар. Жыл басынан бері бұл орындарға 334 ескерту тақтайшасы ілініп, 92 билборд орнатылған.

– Департамент тарапынан суға түсуге қауіпті аймақтарда күнделікті сағат 11:00-ден кешкі 22:00 аралығында рейд және профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылған. Облыс ішінде суға қауіпсіздік туралы танымал тұлғалардың қатысуымен, әншілер мен блогерлермен бірлесіп суға қауіпсіздік туралы бейнероликтер түсіріліп көрсетілді, – дейді маман.

Суға қауіпсіздікті қамтамасыз етуде дрондардың пайдасы өте көп. Әсіресе дрон арқылы беймезгіл уақытта суға түсу фактілерін анықтауға көмек көрсетеді.

– Бүгінде жауапты сала мамандарымен бірге 1 435 рейд жүргізіліп, жадымалар таратылды. Бұл профилактикалық жұмыстарға 575 ерікті жұмылдырылды. 46 мыңнан астам тұрғынға суға қауіпсіздік ережелері түсіндірілген. Облыс аймағындағы рейдтік жұмыстар барысында белгіленбеген орындарға суға шомылған жеке тұлғаларға 33 әкімшілік хаттама толтырылып, 431 964 теңге өндірілді. Қызылорда облысының Полиция департаментімен бірлесіп, ҚР ҚР ӘҚБтК туралы Кодекстің 364-бабы бойынша 107 адамға ескерту шарасы көріліп, Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу бойынша 2914 азаматқа әкімшілік шара көрілді, – дейді Ж.Жүгінісов.

Дүниежүзілік суға батудың алдын алу күні адам өмірі бәрін қымбат екенін және қайғылы оқиғалардың алдын алуға болатынын әрбір адамның есіне салады.

София Темірболат

Серік Ыдырысов, Мәдениет саласының үздігі:

ДАРЫНЫМДЫ ДАЛА АКАДЕМИЯСЫНДА ШЫҢДАҒАН АДАММЫН

(Басы 1-бетте)

Сыр өңірінде айтыс аламанда аты озып, алаш абыройын асқатқан азаматтар аз емес. Соның бірі – айтыстың ақтангері, педагог, ұшқыр ойлы, ұтқыр сөзді ерекше дарын иесі Серік Ыдырысов. Ол бес мемлекеттің басшысына арнау айтқан тума талант, жыраулық өнерді насихаттаушы, өнер майталманымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– «Дарынымды дала академиясында шыңдаған адаммын» деген екенсіз. Сіз айтқан тәлім-тәрбие кейінгі буынға керек секілді...

– Дала – баланың да, дананың да академиясы. Сөзмен қулашына құт қонатын, тыныстасаң, ішің кеңейетін, қадымдасаң жаның демалатын сол дала тылсым күшімен де, қоңырқай түсімен де рух береді. Сол далада тіршілік етіп жүрген адамдар сені тәрбиелейді. Суріндіретіндер де, түнілдіретіндер де, марқайтатындар да, шалқайтатындар да сол даладан табылады. Мен соны айтқам. Әрине, бұл кейінгі буынға да керек. Себебі дала сырын ұқпай, адам сырын ұғу көпке емес.

– «Адам бақыт таппайды көпке жүрмей, Жақсы лебіз жаныңа екен гүлдей» деген өлең жолдарыңыздан елді сүйетініңіз, халықтың батасын алуға ұмтылатыныңыз сезіліп тұр. Сыйлы қонақ келсе қолыңызға үкілі домбыраны алып, Сыр елінің абырой-атағын паш етіп, жырдан шашу шашатыныңыз есімізде. 15 елдің Президентінің алдында қайырмай жыр төгіңіз. Сондай тарихи сәттерден естелік айтсаңыз...

– Сенесіз бе, осы күні менің ауырмайтын жерім жоқ. Уыс-уыс дәрі ішемін. Қарттық деген оңай ма? Енді сол дертімді дәрісіз ұмыттыратын бір ғана күдіретті күш бар. Ол – халық, елдің қошеметі. Жаныма жүргендер елдің ортасында жайрандап жүргенімді көріп, «жаңа ғана ауырып отыр едіңіз ғой» деп таңырқай қарайды. Білмеймін, дудың ортасы, жақсылардың алқасына түссем дертімді де, жасымды да ұмытып кетемін. «Адам бақыт таппайды көпке жүрмей» деп жыр жазып жүргенім содан. Адамдар жалғыздықтан қорқуы керек. Жалғыздықтан асқан зұлым жоқ. Ал енді 15 мемлекет басшысының алдында арнау айтқан сәттер шынымен, аңызға айналды. Жас мемлекеттің. Жаңа құрылған мемлекетті көруге президенттер ағылды. Кенестік кезеңнің құрсауынан енді босаған ел не көрсетеді? Әрине, жерінің кіндігін, даласының мұңлығын көрсетеді. Ондағы кіндігі – Байқоңыр, мұңлығы – Арал. Президенттердің сол арнайы сапарларында әкімдерден бұрын ақындар сөз бастайтын заман да болған. Кешегі Манап Көкенов, Махамбетқали Тұрсанов, Заматин Ибадуллаев, бүгінгі Еленалармен бірге Ельцин, Путин, Сүлеймен Демирел, Елизавета ханшайым секілді әлемге танымал тұлғаларға жыр арнағаным бар. Бәрінің сый құрметіне бөленіп, кейбірінің арнайы қонағы да болдым. Ол да бір дәурен екен.

– Сері Серікті өмірге әкелген ата-анаңыз жайлы, бауырларыңыз, өзіңіз жырға қосқан нағашыңыз, кіндік кескен мекен, сізді азамат қып атқа қондырған жұртыңыз туралы сөз көзгасаныз.

– Мұныңыз әр қайсысы бөлек-бөлек айтуға тұрарлық сауал екен. Туған жерім – жырдың мекені Қармақшы. Әке-шешем – қара судан қаймақ алып, ел басқармай-ақ жұртына сыйлы болған, жұрттан жырып жемей-ақ қуатты-күйлі болған жандар. Ақынның ата-анасы. Бауырларым – менің тағдырыма берілген аманат. Азамат етіп, атқа қондырған жұрт – Тұран даланы жайлаған Сыр халқы. Жақында Мейірбек Сұлтанхан «Еларна» телесериалында менімен сұхбаттасқан еді. Сұхбатым миллиондаған көрілім, жүздеген мың таралым, мыңдаған пікір жинапты. Сондағы жұрт құрметіне бөленген сөздер – әке-шешем айтқан, қоспа қосылмаған дана сөздер. Менің тәрбиесімнің дінгеі – сол!

Нағашыларым мықты болды. Нағашының аты – Тажмахан. Болмысы бекзат кісі еді. Қонақжайлығы бір бөлек әңгіме. Туған жерім болсам да ұнамай жатсам сынап, бет-жүзіне қарамай қамшылап алатын. Бір елдің абыз ақсақалы болды. «Жігіттің жақсысы нағашыдан» дегендей сол кісіге қарап ер жеттік. Нағашыларым көп ағайынды. Әрқайсысы бір-бір кітап.

– Сіз төкпе ақынсыз, табиғи дарын иесісіз. Талай айтысқа қатысып, топ жардыңыз. Таланттың қайнар бұлағы сіздің бойыңызға қайдан дарыды?

– Қасиетті Қармақшыман, ондағы бар жақсыман, жыр деген жұрттыман, дүр-дөнен ұлтыман, кітаптан, әкемнің арынан, анамның сүтінен дарыды.

Кітапты көп оқыдым. Мектепте жүргенім өзінде мыңға тарта кітап оқыдым ау. Соның ішінде Абайдың бір сөзі ұнады. Әкесі Құнанбайдың «Қайдан келдің? Не үшін келдің? Қайда барасың?» деген сұрағына Абай «Алланың алдына келдім. Алланың аманатын орындаймын, Алланың алдына барам» деп жауап береді. Осы сөздер көкейімде күні бүгінге дейін сақталып тұр. Сосын Қадыр Мырзаліевтің кітабы тиді қолыма.

О, тіршілік!
Не берсең де арнап бер,
Алтын балық ілінетін қармақ бер!
Бақыт бер де,
Бармақтай сол бақытты
Басып тұрар батпаңдай бір салмақ бер! – дейді ақын.
Күн шыкса, нұр қашады айдан -дағы,
Жарлы артық қайыры жоқ байдан-дағы.
Бұрыңғы қариялардан қалған нақыл,

«Бұл сөзді таптың деме, қайдан тағы?»
Тұлпардың тұқымының туымы бар,
Белгілі ат болуы тайдан-дағы.
Адамдық иісінді жұрт аңсап тұрсын,
Не керек қарныңның құр майланғаны?! – дейді
Тұрмағамбет бабамыз.

Қазір адамдық иіс табу қиын. Бәрі дүние қуып кеткен. Хазіреті Омардың әдемі тағылымы бар. «Алла дүниені қолыма бер, дінді жүрегіме бер» дейді. Қазіргі адамдар дінді қолына ұстайды да, дүниені жүрегіне ұстайды. Мұның мәні не дегенде «қолымда дүние болса, оны халықтың игілігіне жұмсаймын, мешіт салам, бала оқытам, ағайын-жекжатқа беремін. Ал дүние жүрегіме кіріп кетсе, кімде дүние бар сонымен дос боп кетемін» деген екен. Ауылда Сәт деген молладан естіген тәлімім бар. «Кімнің жан дүниесі таза болса, жүрегі таза болса, сол адамнан жақсы сөз шығады» деген. Кезінде мені дүние қуды. Бірақ оған алданбадым. Алла берген несібемді әкемнің тапсырған аманатын орындап, бауырларымды жетілдіріп, солардың қызығына жұмсадым. Олар қазір отау құрып, жақсы үй болып, білім алып, өнегелі отбасы атанып жатыр. Мен сол қамқорлықтан рахат алдым. Оған өкінбеймін. Алла қайырын беріп жатыр. Бауырларым, балаларымның алдында жүзім жарқын. Бәрі сыйлайды, құрметтейді. Адам үшін одан артық не керек? Ал қу дүниені жинасам, мұндай қанағат сезімі, жан рахаты менде болмас еді.

– Айтыс сөз сайысы ғой. Айтыста ақындар бірде-бірде, бірде-бірде жетіледі. Қарсыласыңыздың сөзі өтіп, мүдірген кезіңіз болды ма?

– Әрине, оңсыз бола ма? Айтыста жеңілдірген сөзді естігеннен кейін апталап ауыз аша алмай жүрген кездер болған. Сөздің күдіреті ғой ол. Ал қазір «бетпақ жемді, бейбақ қалды» дейтін заман. Сөзге тоқтау деген атымен жоқ. Екі әйелдің базардағы ұрысы не, кей екі ақынның айтыстағы сөз таласы не, екеуі бірдей болып қалды. Шабалаңдап бара жатқан ақын, шаруасы тынған жігіт мінез, е, дәурен-ай. Мұның да тоқтайтын кезі болар...

– Асабалық өнер де сізге таңсық емес. Той басқару – тәрбие құралы. Той иесі көптен күткен қуанышты сәттің барынша мәдениетті, тағылымды, қонақтарды зеріктіретін тартымды өткенін қалайды. Алайда кейбір асабалар күлдер деп бүлдіріп жатады. Осы тұрғыдағы сіздің көзқарасыңыз...

– Мені жұрт асаба деп те атайды екен. Ал мен ешқашан өзімді асаба деп есептеген емеспін. Бес қазақтың басы қосылса, жымы аталы сөзбен басталып, баталы сөзбен түйінделген. Ал сөз бастайтын мәртебелі міндет кім көрінгенге жүктелмеген. Оны жүзіне нұр, кеудесіне жыр ұялаған жандарға көдімгідей сеніп тапсырған. Мен сол ізді жалғастырушымын деп есептеймін. Мен ешқашан тойды топанға айналдырған емеспін. Аузымды ашсам тіліме – Тұрмағамбеттің, ойыма – Омар Шайырдың, бойыма – Базар жыраудың жыр-жақұттары кеп тұратын.



Менің өмірдегі, тойдағы миссиям сол құндылықтарды насихаттаушы болған шығар. Ал енді тойды тәрбие құралы дегеніңізге келіспеймін. Тәрбие той-топырда берілмейді. Той деген – мәдениеттің өлшемсіз шығар. Ондағы жүріс-тұрыс, іс-әрекет адамның, әулеттің, ру мен ұлттың тұрмысы мен тәрбиесінің деңгейін көрсетеді.

– Ас жүргізу мен той басқарудың айырмашылығы неде? Ас жүргізудің тәртібі бар ма?

– Қазір асты той басқарып жүрген асабалар басқарады. Өлі өмірдің қызығын, қиындығын көрмеген ұыздай жастар. Тойда айтқан сөзбенен аста айтқан сөздің айырмасы аспан мен жердей. Той – тірінің қазынасы. «Өлі риза болмай, тірі баймайды». Асты басқарғанда о дүние мен бұл дүниені айтып қорқытудың керегі жоқ. Ас кімге арнап беріліп жатыр, тек сол кісі жайлы айтылу керек. Марқұмның бауыры, нағашысы, досы, құдасы, әулеті айту керек. Сөйлейтін адам ас беріліп, құран бағышталып жатқан адам туралы жан-жақты білу керек. Сонда ас қысқа, нұсқа, мәнді, мағыналы өтеді. Әйелдерді бөлек, ер кісілерді бөлек отырғызу керек.

Абыр-дабыр тойдағыдай әңгіме болмау керек. Тағы бір ерсі тұсы белгіленге уақыттан ерте келген кісілер асты жей бастайды. Бұл дұрыс емес. Аста құран оқылмай қара су ішуге қажет жоқ. Өйткені марқұм болған кісі сізден құран дәмәтіп отыр. Құраннан кейін ғана ас ішілу керек. Осыны жөндесе екен. Асты бас-аяғы 1 сағатта аяқтау керек. 2 сағаттап жүргізетіндер бар. Бейнебаян етіп деректі фильм қойып жатады. Тек суреттерін қою керек. Оңсыз да шығып естелік айтатындар бар емес пе? Міне, асты осындай тәртіппен өткізген дұрыс.

– Халқымыз «өлді», «қайтты» деп жатады. Соның мәнін ашсаңыз...

– Мұсылманда «қайтты», «өлді» деген сөз бар. «Өлді» деген сөз іздеушісі жоқ, артында қалған ұлағатты сөзі жоқ жанды айтады. Қазақтар «Ей, Алла, өзімді де, бауырларымды да қайтқандар сапына қоса көр» дейді. Мысалы, ұлы Абай, Махамбет, Шокан, Әбділда сынды дүлдүлдердің есімі өлген жоқ. Олардың өнегесі, өмірі мәңгілік жасап жатыр. Демек, олар тек қайтқандар қатарында тұр. Алла қайтқандар сапында болуды жазсын деймін.

– Көше атаулары қойылғанмен, ол кісілер кім, елге қандай әсбегі сіңген дегенде бәріміз де кібіртіктен қалағынымыз рас. Бұған не дейсіз?

– Дұрыс айтасыз. Көше атауы берілген кісілерді кейінгі ұрпақ түгілі ересек адамдар да біле бермейді. Мысалы, шыны айтқанда кейбір көшелердегі адамдардың атын білгенмен оның елге қандай қызмет жасағаны туралы мен де білмей қаламын. Осыған мән берілсе, балаларға терең танытса деймін. Мысалы, қаланың Гагарин аталып кеткен шағын ауданына барсаң жаның сүйсінеді. Сүйейлер еліне барғандай күй кешесің. Базар жырау, Тұрмағамбет, Балқы базар, Манап Көкенов, айта берсең, көп жыр шайырларына кезігесің. Мұндай қазақтың иісі аңқып тұрған үрдісті Бақберген Досманбетов ағамыз қалаға әккім болған кезде қалыптастырған еді. Міне, мәдениеттің озық үлгісі деп

туралы ауылда «Күлекен өмірге күліп келді, күліп кетті» деген сөз бар. Үнемі күліп жүретін. Қабақ түйгенін көрген емеспін. Аз ғана өмірінде біреумен ұрысып, бізге жеңігенін байқамашпын. Әкемнің тәрбие құралы – қамшы. Анамның тәрбие құралы шымшып алатын еді.

– «Әкем – академиктің депсіз. «Әкеңіз берген тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды» деген сөз бар. Перзент үшін әкеңіз орны, оған құрметі қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Әке деген әке ғой. «Е, менің қайран әкем» деймін. Тебіренбей, толғанбай әкемді еске алған емеспін. Жаныма аз уақыт қана болды. Бірақ мәңгілік сөнбейтін шырақ, үзілмес үміт қалдырып кетті. Күрсінсем күрсінімде, қуансам қуанышымда әкем тұрады. Қазіргі қоғам «мықты азаматтың артында мықты әйел тұр» деген жағымсыз сөз ойлап тапты. Мен оған келіспеймін. Мықты азаматтың артында мықты әйел емес, мықты әкенің батасы тұр. Батасыз байлығында береке, шаңырағында мереке болмайды. Ұрпақ соны ұғуы керек.

Әкем аз сөйлейтін, бірақ саз сөйлейтін. «Ай түнде керек, ақыл күнде керек, құран оқыпайтын ұрпақ кімге керек?» деген сөзді жиі айтатын. Қазір әкем соны неге айтты деп ойлаймын. Анамның кететінін сезді ме екен?

Рас, мен Құдай берген дарынымды дала академиясында ұштаған адаммын. Академияның академигі мен үшін қарапайым қойшы әкем еді. Арғы атасы Ырысқали Меккеге жаяу барған қажы, өз әкесі Ыдырыс қажы сауатын ашқан алым-молда болған әкем Сырдың соңғы ахуны киікші Кете Жүсіптің жиені болған.

Менің асау тағдырымның трагедиясы әкем өмірге келген кезден басталған. Репрессия, ұлт ұғымына қарсылық ділі мен дініне берік әулетті тонап, жұрдай қылып жоғалтпақ болған. Шыны керек, қажы тұқымының жалғыз ұрпағы болған менің әкем әреш аман қалған адам. Біздің көрер жарығымыз бар екен. Содан ба, сонша ақылды болған әкем қой бағып кеткен. Қой бағып жүріп ой бағатын. Мені еркін өсірді. Атымды Серік қойып жүргеніміз өзін жалғыз болғанынан екен. «Үлкенім маған ұл емес, әкем мен шешем ұл болсын, бұл менің інім» деп айдар тағыпты. Мен «Мың бір түнді» тығылып оқитын тентек болдым.

Бәрі бір-ақ сөттей екен. Сауық құрып, сайран салып жүрген мені елге шақыртты. Барсам, әкей ал үстінде екен. Жанымға жайғас деп ымдап, тілге келіп:

Шіріген бәйтерекпін, құлаймын мен,
Басыма Құдай салды, шыдаймын мен.
Серікжан, тоғыз түйме тастап барам,
Тігіп қой, ақіретте сұраймын мен, – деді де, үзіліп кете берді. Менің тағдыр деп жүргенім сол кезден басталды. Тоғыз түймесін тіршіліктің жейдесіне түлтеп тұрып қалдым. Халық та барынша түсінді, еркелетті. Сол жұбаныш болды маған.

Кейде осы желіден әкелерім пір еткен, аналарым ұлы еткен жазбаларды байқап қаламын, дұрыс-ақ. Солай болу керек қой. Әкем Махмұд – менің академигім. Төрт құбылам түгел болса, тағдыр дейтін бір шіркін, жон арқамнан оспаса, қазаққа бүгін Серік Ыдырысов деген есім болмас еді. Рас айттым. Әкем жазып қалдырған көк дәптер бар. Сол дәптер біздің әулеттің құтқалтасы болды. Бәріміздің таңдайымызға сөз салды. Сонда да қолдан күдірет жасағым келмейді. Әкем әке болғаны үшін ұлы!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

